

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

БЕКІТЕМІН



**Арнайы емтихан бағдарламасы**

Арнайы даярлықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша окуға түсушілерге арналған

**Білім саласы:** Педагогикалық ғылымдар

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін арнайы емтихан бағдарламасы

Бағдарлама «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына студенттерді қабылдау ережелері негізінде жасалған

Құрастырушылар:

Казиев К.О. – психология және педагогика кафедрасының менгерушісі, қауым.профессор  
Шугаева Г.К. – психология және педагогика кафедрасының қауым.профессор  
Омарова Г.Р. – психология және педагогика кафедрасының аға оқытушысы, магистр


Кафедра мәжілісінде қаралды

Хаттама № 10 «27 » 05 2025ж.

Кафедра менгерушісі  К.О.Казиев  
(коло)

Факультеттің әдістемелік кеңесінде талқыланды

Хаттама № 8 «31 » 05 2025ж.

Әдістемелік кеңестің төрайымы  Г.Р.Омарова

Қабылдау комиссиясының  
жауапты хатшысы

 Р.А.Канатбаева

Академиялық мәселелер  
жөніндегі проректор

 А.Е.Чукуров

# **НОРМАТИВТІК БАЗА**

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға кабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы №600 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен).

## **ТҮСІНДІРМЕ ХАТ**

Кабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес «Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша білім беру бағдарламаларын таңдаған білім алушылар бір арнайы емтихан тапсырады.

Арнайы емтиханның мақсаты талапкерлердің педагогикалық қызметке бейімділігін анықтау болып табылады.

Педагогикалық жағдайды шешу кезінде талапкерге педагогикалық тәсілді талап ететін факт, өмірлік оқиға ұсынылады.

Нәтижелерді бағалау кезінде мыналар ескеріледі:

- қалыптасқан жағдайды шешудің ұсынылған тәсілінің конструктивтілігі мен негізділігі;
- жағдайды және оның пайда болу себептерін жедел бағдарлай білу;
- ықпал етудің нәтижелерін болжай білу.

Бағдарлама арнайы емтиханды өткізу тәртібін, қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін, ұйымдастыру рәсімін белгілейді.

## **МАЗМҰНЫ**

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша білім беру бағдарламаларына түсі кезінде арнайы емтиханның мақсаты педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына түсуші үміткерлердің педагогикалық бейімділігі мен мотивациясын, теориялық дайындығы мен кәсіби құзыреттілікке икемділігін анықтау.

**Міндеттері:**

**1. Педагогикалық қабілеттерді айқындау:**

Үміткердің білім беру процесіне, оқыту мен тәрbiелеу жұмысына икемділігін, педагогикалық жағдайларды түсіну және шешу қабілетін анықтау.

**2. Кәсіби мотивацияны бағалау:**

Педагог мамандығын саналы түрде таңдағандығын, оған деген қызығушылығы мен жауапкершілік сезімін бағалау.

**3. Педагогикалық этика мен қарым-қатынас мәдениетін тексеру:**

Үміткердің адаммен жұмыс істей ниеті мен әлеуеті, коммуникациялық дағдылары мен кәсіби этикалық ұстанымдары.

**4. Педагогика және психология негіздері бойынша білім деңгейін бағалау:**

Үміткердің мектепке дейінгі, орта немесе кәсіби білім беру мазмұны, оқыту әдістері, баланың дамуы туралы негізгі ұғымдар мен заңдылықтарды менгеру деңгейі.

**5. Ойлау дағдыларын тексеру:**

Логикалық, сыни және аналитикалық ойлау қабілетін, мәселені шешу тәсілдерін қолдана білуін бағалау.

**6. Педагогикалық жағдаяттарды шешу қабілетін анықтау:**

Накты мысалдар негізінде педагогикалық жағдайларға байланысты дұрыс шешім кабылдау дағдысын бағалау.

Арнайы емтихан 2024 жылғы 20 маусымы мен 12 шілдесі аралығында республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін, 2024 жылғы 20 тамызға дейінгі мерзімде ЖОО-ға ақылы оқуға қабылдау үшін өткізіледі.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша білім беру бағдарламаларына түсетін талапкерлер университеттің қабылдау комиссиясының тәрағасы бекіткен кестеге сәйкес қабылдау комиссиясы өткізетін бір арнайы емтихан тапсырады.

Арнайы емтиханды үйімдастыру және өткізу үшін емтихан комиссиясы тағайындалады, оның құрамына Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Инновациялық білім беру факультетінің оқытушылары кіреді.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша арнайы емтиханды өткізу нысаны - педагогикалық жағдаятты шешу (компьютерлік тестілеу).

Тест тапсырмаларында болашақ қызметке дайындық деңгейі, хабардарлық туралы түсініктерін нақтылау үшін семантикалық, жеке, нақтылау сұрақтары ұсынылады.

## ТАЛАПКЕРЛЕРДІҢ АРНАЙЫ ДАЙЫНДЫҒЫНА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

Талапкерлер білуі керек:

- адамның жеке анатомиялық-физиологиялық және психикалық, жас ерекшеліктерін;
- қоғамдағы мінез-құлық ережелерін (этика және этикет);
- қактығыстық жағдайларды шешу қағидалары мен тәсілдерін;
- моральдың негізгі принциптері мен нормаларын; гуманизм, еркіндік ұғымдарын.

Талапкерлер білікті болуы керек:

- өмірлік тәжірибе негізінде педагогикалық міндеттерді шешу;
- педагогикалық жағдайлардың шешімін болжауды және жобалауды жүзеге асыру;
- проблемалық педагогикалық жағдаяттарды шешу жолдарын жобалау;
- басқа адамды түсіну және қабылдау, эмпатияға, төзімділікке ие болу;
- басқа адамдармен ынтымақтасу: шағын топтардағы мәселелерді шешу, диалог пен пікірталас жүргізу;
- педагогикалық тапсырмаларды шешудің стандартты емес, шығармашылық тәсілдерін табу.

Талапкердің дағдылары болуы керек:

- педагогикалық міндеттерді шешу;
- социумдағы белсенді психологиялық-педагогикалық өзара әрекеттесу;
- эмоциялық-еріктік реттеуге бағдарланған әлеуметтік бағдарланған құндылықтар.

## АРНАЙЫ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін арнайы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» нысанында бағаланады.

Арнайы емтихан бейне және (немесе) аудио жазбамен жараптандырылған аудиторияларда (үй-жайларда) өткізіледі.

Арнайы емтихан өткізілетін аудиторияға окуға түсушінің жіберу жеке басын күәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Арнайы емтихан басталғанға дейін окуға түсушілерге оны өткізу тәртібі түсіндіріледі, арнайы емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

Арнайы емтиханды өткізу қорытындылары жіберу ведомостімен рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оны орынбасарына) беріледі. Ведомостке тераға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Арнайы емтихан нәтижелерін қабылдау комиссиясы емтихан өткізілген күні жариялады.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнайы емтихан нәтижелері бойынша оқуға түсушіге арнайы емтихан тапсыру орнына қарамастан ЖҚОКБҰ-ға ұсынуға рұқсат беру ведомостінен үзінді беріледі.

## **НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

Арнайы емтихан «өтті» / «өтпеді» деп бағаланады.

Бұл ретте емтихан қабылдау комиссиясы оқуға түсушілердің мынадай кәсіби маңызды қасиеттерін бағалайды:

- сұрақтарға дұрыс және нақты жауап беру мүмкіндігі;
- алынған ақпаратты қол жетімді тілде жеткізе білу;
- тез бағдарлану шеберлігі, адекватты шешім қабылдау;
- шығармашылық ойлау;
- объективтілік;
- эрудиция;
- өзін-өзі бақылау және тепе-тендік;
- басқа адамға деген күрмет.